



«Дала ДНҚ-сы»

тұрақты даму бағытында білім беруге арналған республикалық бағдарлама

ЕРЕЖЕСІ

Қозғалыс – бұл өмір. Біз үнемі қозғалыстамыз. Үздіксіз әрекеттер арнасында біз бізді қоршаған барша болмыстан бөлек өмір сүре аламыз деп ойлауымыз мүмкін. Алайда, бүгін адамзат баласы жаһандық мәселелерге тап болып, тығырықтан табудың долын іздеуде. Ол үшін, ең алдымен, адам өз әрекеттері мен олардың салдарына мән беруі қажет. Адамның күнделікті өмірі нәтижесінде туындайтын қалдықтар қоршаған ортаны ластап, әлемнің тұрақты дамуына кедергі келтіруде. Осы орайда әрбір мемлекет Тұрақты даму мақсаттарын қабылдап, жағдайды өзгертуге бар күшін салуда.

Қазақстанда барлық пластмасса көлемінің 28,7%-ы ғана өңделіп, қайта қолданылады. Ресми ақпаратқа сәйкес, елімізде 3 292 ресми тіркелген қоқыс полигонында 120 млн тонна тұрмыстық қалдықтар жинақталған. Жыл сайын бұл 5 млн тоннаға артып отырады және әртүрлі үрдістердің салдарынан адамның денсаулығына зиян келтіріп, биоалуантүрліліктің жойылуына және жергілікті тұрғындардың өмір салтының бұзылып, нашарлауына алып келеді.

Қазақстанның тұрақты дамуы мақсатында үкімет түрлі саяси, экономикалық және әлеуметтік реформалар жүргізуде. Тұрақты даму мақсаттарына қол жеткізуде жергілікті халықтың шешімдер қабылдау мен бағдарламаларды жүзеге асыру белсенділіктерін арттыруға бағытталған білім беру жобаларының орны ерекше.

«Дала ДНҚ-сы» - ата-бабаларымыздың тарихи, мәдени және рухани құндылықтарына негізделген жаңа қоғамдық сананы қалыптастыруға бағытталған Қазақстанда бұрын соңды болмаған бірегей жоба. Жаңа форматтағы талқылаулар, жауапты тұтыну, саналы сәндік әдеттер мен креативті индустрияны ұштастырған жаңа бағдарлама тұрақты дамуға бағытталған білім беру міндеттерін толығымен қамтып, әрбір қатысушыны қоршаған ортаны, Жер шарын сақтап қалуға өз үлесін қосуға ынталандырады.

Мақсаты: мәдени мұра қағидаларына сүйене отырып, жастар мен өскелең ұрпақтың шығармашылық болмысын ашып, қоршаған ортаны қорғау жауапкершілігін тәрбиелеу арқылы экологиялық сауаттылығын арттыру.

Міндеттер:

- Балалардың шығармашылық қабілеттерін жүзеге асыру мақсатында азаматтық сананы, жалпы экологиялық мәдениетті қалыптастыру, эстетикалық тәрбие беру;
- Тұрақты дамуға кедергі болатын жаһандық және жергілікті мәселелерге қоғамның назарын аудару;
- Тұрақты даму мақсаттарын алға бастыру, атап айтқанда № 3, 4, 6, 8, 9, 12, 13, 14, 15;
- Жастардың белсенділігін арттыру және жергілікті деңгейдегі шұғыл экологиялық мәселелерді шешуге тарту;
- Қазақ халқының өзіндік ерекшелігі мен бірегейлігін жаңғырту идеяларын қолдау және насихаттау;
- «Рухани жағыру» мемлекеттік бағдарламасын насихаттау;
- Балалар мен жасөспірімдердің өз халқының мәдени мұрасын, ата-бабаларының тарихын зерттеуге деген қызығушылықтарын ынталандыру;
- Саналы сәнге қоғам назарын аудару;
- Экологиялық мәселелер тұрғысынан қоғамның шығармашылық әлеуетін белсендіру;
- Балалар мен жасөспірімдер арасындағы халықтар бірлігі мен достығын насихаттау, рухани, мәдени ұлттық дәстүрлерді сақтау, ұлтаралық қатынастарды үйлестіру;
- Біздің жеріміздің табиғи ескерткіштері болып табылатын ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды сақтау мәселесін шешу;
- Қазіргі әлемдік кеңістікте көпұлтты мәдениеттің жаңа кескіндеме түрлерін іздеу.

Ұйымдастырушылар: Қазақстандық Ұлттық ЮНЕСКО Клубтарының Федерациясы және «Sauvage» компаниялар тобы.

ЖАЛПЫ ШАРТТАР

Қатысушылар: Бағдарламаға 7 мен 65 жас аралығындағы кез келген қатысуға ниет білдірген адам қатыса алады.

География: Қазақстанның 14 облысы, Нұр-Сұлтан, Алматы және Шымкент қалалары.

Тіркелу және өтініш беру мерзімі: 2021 жылдың 1 маусымы мен 1 шілдесі аралығында.

Қатысу тегін.

ҚАТЫСУ ШАРТТАРЫ

Жоба екі бөлімнен тұрады: 1. білім беру бағдарламасы және шығармашылық байқау. Жобаның білім беру бөліміне қатысу қатысушылар арасында экологиялық мәдениетті тәрбиелеуге және халқымыздың мәдени мұраларына сілтеме жасай отырып, халықтың Жерді сақтауға өзіндік үлес қосу мүмкіндігі туралы ақпарат алуына көмектеседі.

* Білім беру бағдарламасына қатысу, осы жоба аясында өтетін сурет байқауына қатысуға міндеттемейді.

* Білім беру бағдарламасына қатысу арқылы қатысушылар өз әлеуетін арттырып, қоршаған ортаны сақтау тақырыбында білімдерін кеңейтіп, «Дала ДНҚ-сы» суреттер мен иллюстрациялар байқауына қатысып, ұйымдастырушылардың барлық талаптарына сай байқау жұмысын дайындауға мүмкіндік алады.

Білім беру бағдарламасына қатысу үшін тіркелу сілтемесі (тренингтерге тіркелу):

<https://docs.google.com/forms/d/e/1FAIpQLSeYBS8qQ2TS9P6rj2a3jD92gwVunGST1RYhcNJQJdhQ7PyNfw/viewform>

Тренингтер мен лекциялардың кестесі

Күні мен уақыты	Тақырыбы	Спикер	YouTube пен Инстаграмдағы тікелей эфиріне сілтеме
1 маусым, сағат 16.00 (Нұр-Сұлтан уақыты бойынша)	Мәдениет пен креативті индустрия	Данияр Медетов, Creative Spark British Council бағдарламасының өкілі, кәсіби трекер	https://www.youtube.com/c/UNESCOClubsKazakhstan/featured
2 маусым, сағат 16.00 (Нұр-Сұлтан уақыты бойынша)	Мәдениеттің қайнар көзі экологиялық таза тұрақты мәдениеттің негізі ретінде	Алена Севериненко, "PlastNet" желісінің маманы	https://www.youtube.com/c/UNESCOClubsKazakhstan/featured

<p>3 маусым, сағат 16.00 (Нұр-Сұлтан уақыты бойынша)</p>	<p>Интеллектуалды сән Жерге қамқорлық ретінде</p>	<p>Регина Турбина, REPLICANT алғашқы цифрлық киімнің онлайн дүкенінің негізін қалаушы</p>	<p>https://www.youtube.com/c/UNESCOClubsKazakhstan/featured</p>
<p>4 маусым, сағат 16.00 (Нұр-Сұлтан уақыты бойынша)</p>	<p>Гардеробты талдау және жаңа сән әдеттері</p>	<p>Лилия Рах, Халықаралық Fashion эксперт, BOF-тің сән әлемінің ең ықпалды TOP 500 адамдардың бірі</p>	<p>https://www.youtube.com/c/UNESCOClubsKazakhstan/featured</p>
<p>5 маусым, сағат 16.00 (Нұр-Сұлтан уақыты бойынша)</p>	<p>Шет елдердегі Қазақстанның брендтері</p>	<p>Алекс Чжен, Kazakhstan Fashion Week-тің Креативті директоры</p>	<p>https://www.youtube.com/c/UNESCOClubsKazakhstan/featured</p>
<p>6 маусым, сағат 16.00 (Нұр-Сұлтан уақыты бойынша)</p>	<p>Экологиялық таза туризм, туризм мен қолөнердің байланысы</p>	<p>Даниел Сержанулы, АО НК Kazakh Tourism-нің Туризм өнімдерін дамыту департаментінің директоры</p>	<p>https://www.youtube.com/c/UNESCOClubsKazakhstan/featured</p>
<p>7 маусым, сағат 16.00 (Нұр-Сұлтан уақыты бойынша)</p>	<p>Саналы тұтыну. Қайта өңдеу: алдағы 10 жыл ішінде тұрақты дамуға қол жеткізе аламыз ба?</p>	<p>Ирина Нечаева, Sauvage Fasion Group креативті директоры, CEO Creative&Innovation Institute</p>	<p>https://www.youtube.com/c/UNESCOClubsKazakhstan/featured</p>

«Дала ДНҚ-сы» республикалық суреттер мен иллюстрациялар байқауы жобаның екінші шығармашылық бөлімі болып табылады. Суреттер мен иллюстрациялардың көмегімен әр қатысушы қоршаған ортаны қорғауға, мәдени мұра мен ұлттық бірегейлікті сақтауға және қазіргі әлемде бейбіт өмір сүру, табиғатпен үйлесімділік тауып, тұрақты даму идеяларына қатысты өз көзқарастарын білдіре алады.

Байқауға қатысу үшін номинациялардың бірінде жұмыс дайындап, оны сілтеме бойынша жүктеу керек:

https://docs.google.com/forms/d/e/1FAIpQLSfVwmCC3Fx1znsAHDTXacZZfZFBn-Puq-agQTB1WvmYQyAyqw/viewform?usp=sf_link

Байқауға қатысу арқылы қатысушылар осы ережеде көрсетілген барлық шарттармен келіседі. Ұйымдастырушылардың байқауға жіберілген жұмыстарды пайдаланып, жариялауына рұқсат береді. Байқауға жіберілген жұмыстар осы байқауға арнайы дайындалған болуы керек, басқа байқауларда қолданылмауы немесе интернетте жарияланбауы міндет.

Бір қатысушы байқауға бірнеше сурет жібере алады.

Байқауға жіберілген жұмыстар жоғары сапалы болуы керек, өйткені бұл жұмыстар өте үлкен форматта басылып шығарылуы мүмкін (мысалы Алматы қаласының көшелеріндегі баннерлерге).

Байқау талаптарына сай емес жұмыстар әділ қазылар алқасына жіберілмейді.

НОМИНАЦИЯЛАР

«Тарих – біздің болашағымыз» номинациясы

Міндеті: Қазақстан территориясында өмір сүрген халықтардың, қазақ халқының мәдени мұрасының бүгінгі күнге үйлеstrу, яғни өткеннің құндылықтарын бүгінмен тоғыстыру. ХХІ ғасырдың экологиялық жағдайын ескере отырып, ата-бабаларымыздың өмір салтының қоршаған ортамен үйлесімді болғанын көрсету. Рухани жаңғырудың бір бөлігі ретінде өткенді зерттеп, сабақ алуға болатынын бейнелеу.

Критериялар: кез-келген техника, кез-келген өлшем, кез-келген формат.

Жұмысты жіберу: Алдымен, байқауға жұмыс дайындаңыз. Кейін оны суретке түсіріп, ұйымдастырушыларға цифрлық форматта жіберу керек. Жұмысты жіберердің алдында суреттің атауын автордың Аты мен Тегіне өзгертуді ұмыстпаңыз. Сурет JPEG немесе JPG форматында жүктелуі қажет, мөлшері кемінде 2 МБ болғаны дұрыс. Суреттің бетінде ешқандай жазулар болмауы керек. Егер жұмыс цифрлық(digital) бағдарламалардың бірінде жасалған болса, онда файлды қатысушының аты-жөніне өзгертіп, JPEG немесе JPG форматында жіберу қажет. Жұмыстар тек қана онлайн төмендегі сілтеме арқылы ғана қабылданады:

https://docs.google.com/forms/d/e/1FAIpQLSfVwmCC3Fx1znsAHDTXacZZfZFBn-Puq-agQTB1WvmYQyAyqw/viewform?usp=sf_link

«Бірлік» номинациясы

Міндеті: Жер шарындағы барлық халықтардың бірлігі мен теңдігін бейнелеу. Нәсілінің, жынысының, тілінің немесе дінінің айырмашылықтарына қарамастан, барлық халықтар бірлікте өмір сүру керектігін бейнелеу. «Ғаламдық азамат», «әлем азаматы» ұғымдарын ашу.

Критериялар: кез-келген техника, кез-келген өлшем, кез-келген формат.

Жұмысты жіберу: Алдымен, байқауға жұмыс дайындаңыз. Кейін оны суретке түсіріп, ұйымдастырушыларға цифрлық форматта жіберу керек. Жұмысты жіберердің алдында суреттің атауын автордың Аты мен Тегіне өзгертуді ұмыстпаңыз. Сурет JPEG немесе JPG форматында жүктелуі қажет, мөлшері кемінде 2 МБ болғаны дұрыс. Суреттің бетінде ешқандай жазулар болмауы керек. Егер жұмыс цифрлық(digital) бағдарламалардың бірінде жасалған болса, онда файлды қатысушының аты-жөніне өзгертіп, JPEG немесе JPG форматында жіберу қажет. Жұмыстар тек қана онлайн төмендегі сілтеме арқылы ғана қабылданады:

https://docs.google.com/forms/d/e/1FAIpQLSfVwmCC3Fx1znsAHDTXacZZfZFBn-Puq-agQTB1WvmYQyAyqw/viewform?usp=sf_link

«Жандану» номинациясы

Міндеті: Кез келген мемлекет тұрақты дамуға ұмтылатынын бейнелеу. Жер бетінде өмір сүретін кез келген адам тұрақты дамуға өз үлесін қосу керектігін көрсету. № 6, 12, 13, 14, 15 тұрақты даму мақсаттарына қалай қол жеткізуге болатындығын бейнелеу. Мәселелерге (проблемаға емес), оларды шешу жолына және адамдардың жағымды әрекеттеріне басты назар аударуға тырысыңыз.

- №6 – Таза су мен санитария;
- №12 - Жауапты тұтыну және өндіріс;
- №13 - Климаттың өзгеруімен күресу;
- №14 - Теңіз экожүйелерін сақтау;
- №15 - Құрлықтағы экожүйелерді сақтау;

Критериялар: кез-келген техника, кез-келген өлшем, кез-келген формат

Жұмысты жіберу: Алдымен, байқауға жұмыс дайындаңыз. Кейін оны суретке түсіріп, ұйымдастырушыларға цифрлық форматта жіберу керек. Жұмысты жіберердің алдында суреттің атауын автордың Аты мен Тегіне өзгертуді ұмыстпаңыз. Сурет JPEG немесе JPG форматында жүктелуі қажет, мөлшері кемінде 2 МБ болғаны дұрыс. Суреттің бетінде ешқандай жазулар болмауы керек. Егер жұмыс цифрлық(digital) бағдарламалардың бірінде

жасалған болса, онда файлды қатысушының аты-жөніне өзгертіп, JPEG немесе JPG форматында жіберу қажет. Жұмыстар тек қана онлайн төмендегі сілтеме арқылы ғана қабылданады:

https://docs.google.com/forms/d/e/1FAIpQLSfVwmCC3Fx1znsAHDTXacZZfZFBn-Puq-agQTB1WvmYQyAyqw/viewform?usp=sf_link

ТАҢДАУ КРИТЕРИЛЯРЫ

Суреттер түпнұсқалығы, шығармашылығы, номинацияларға сәйкестігі бойынша бағаланады. Жеңімпаздарды таңдау құзыретті қазылар алқасының шешімімен үш жас санаты бойынша жүзеге асырылады: 7–12 жас, 13–18 жас, 19–65 жас. Қазылар алқасының шешімі талқыланайды және қайта қаралмайды.

НӘТИЖЕЛЕР МЕН МАРАПАТТАР

Конкурстың нәтижелері 10 шілде күні <https://unescoclubs.kz/> веб-сайтында және <https://instagram.com/unescoclubskz?igshid=1r2we4j68hpli> инстаграм парақшасында жарияланып, қатысушылардың электронды пошталарына жіберіледі.

- ✓ Жобаның барлық қатысушыларына қатысқаны үшін сертификаттар беріледі.
- ✓ Ең үздік 30 жұмыс тақырыптық жұмыс арнайы сурет көрмесіне қосылады, ал олардың авторлары финалист дипломдарымен марапатталады.
- ✓ Қазылар алқасы мүшелері 9 жеңімпазды таңдайды (әр номинацияда 3 жас санаты бойынша 3-тен). Жеңімпаздар ресми онлайн марапаттау рәсіміне шақырылып, дипломдар мен олардың жұмыстары бейнеленген футболкалармен марапатталады.

Байланыс ақпараты:

050046, Қазақстан Республикасы, Алматы, Абай даңғылы 159, Нұрсұлтан Назарбаев қорының Спорт Сарайының әкімшілік бөлігі, Қазақстандық Ұлттық ЮНЕСКО Клубтар Федерациясының офисі, Ақпарат алу үшін телефон: +7(727) 394-32-32, +7(700) 394-32-32. E-mail: kazfuca@gmail.com.